#ID24360472 №140840015573/260073/00

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Өскемен қаласы №140840015573/260073/00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Сумен қамту және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге арналған
№ ______ ШАРТ

Өскемен қаласы   20 __жылғы «__»________

Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен Водоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін ШҚО Әділет басқармасы 2012 жылғы 19 наурызда берген, тіркеу № 833-1917-01-ГП), сумен қамту қызметін көрсететін (бұдан әрі - Қызметтер), әрі қарай «**Жеткізуші**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры Аубакиров Е.М. атынан, бір тараптан, және бұдан әрі **«Тұтынушы»** деп аталатын, негізінде әрекет ететін,
Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны-Қазақстан облысының екінші тараптан, бірлесіп «**Тараптар**» деп аталатындар, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады:

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар
1. Шартта төмендегі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
есептеу құралдарын тексеру – техникалық талаптарға сай есептеу құралдарының жағдайын тексеру, анықтау және дәлелдеу, олардан көрсеткіштерді алу мақсатында Жеткізуші өкілі орындайтын операциялар жиынтығы.
есептеу құралы – белгілі уақыт интервалы ішінде физикалық өлшем бірлігін еске түсіретін және сақтайтын нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар және «Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен коммерциялық есептеу үшін қолдануға рұқсат берілген, су көлемін өлшеуге арналған техникалық қондырғы;
есептеу мерзімі – қызмет үшін Тұтынушыға есеп жүргізілетін айдың бірінші күні сағат 00-00-ден соңғы күні сағат 24-00-ге дейінгі бір күнтізбелік айға тең, уақыт ішінде Шартта анықталған мерзім;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – Тараптардың келісімімен белгіленетін сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелерінің элементтерін пайдалану үшін міндеттерінің (жауапкершілігінің) белгісі бойынша сумен қамту және (немесе) су бұру (су құбырлары және канализациялық желілер және олардағы имараттар) жүйелерінің элементтерін бөлу сызығы. Мұндай келісім болмағанда пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиістілігі бойынша белгіленеді;
баланстық тиесілілікті бөлу шекарасы - меншіктік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша иеленушілер арасындағы сумен қамту және су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу орыны, сызбаларда көрсетіледі.
суды есепке алу торабына жібермеу-Жеткізуші өкілінің ақаба сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен қамту және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жағдайын және қауіпсіздігін бақылау үшін Тұтынушының суды есепке алу торабына рұқсат беруден бас тартуы (кедергі келтіру);
төлем құжаты – Соның негізінде төлем жүргізілетін Жеткізушінің көрсеткен қызметі үшін ақа төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту – шоты);
тұтынушы – сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін заңды тұлға (шаруашылық субъектісі);
уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялардың тиісті салаларына жауапты мемлекеттік органның бөлімі.
Осы Шартта пайдаланылатын басқа түсініктер мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарт мәні
2. Шарт талаптарына сәйкес Жеткізуші Тұтынушыға сумен қамту және (немесе) су бұру бойынша қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) көрсетуге, ал Тұтынушы көрсетілген қызметтерді осы Шартта белгіленген мерзімде, тәртіппен және мөлшерде төлеуге міндетті.
3. Көрсетілетін қызметтер сипаттамасы мен берілген су сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға, мемлекеттік стандарттарға сәйкес болуы тиіс. ал тұтынушы ұсынылған қызметтерге осы Шартта белгіленген мерзімде, тәртіппен және мөлшерде ақы төлеуге міндеттенеді.
4. Тұтынушымен Шарт оның меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде Жеткізушінің техникалық шарттарына сәйкес орындалған елді мекеннің сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелеріне қосылған сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жеке тәртіппен жасалады.
5. Тұтынушы алатын ауыз судың рұқсат етілген көлемі жылына ____________$м^3$, Шарттың 4-Қосымшасында көрсетілген көлемдерге сәйкес, Тұтынушыдан шаруашылық-тұрмыстық және оларға жақын өндірістік ағынды сулардың ластануының құрамы жылына _________$м^3$.
6. Қызмет көрсету режимі – тәулік бойы.
7. Суқұбырлар желілерінің пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы болып Жеткізушінің суқұбыры желілеріне қосу орнындағы айдау-ажыратқыш арматурасының соңғы фланеці болып табылады.
Ақаба суларды шығару жүйесіндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы болып Жеткізушінің ақаба суларды шығару жүйесіне қосылған жердегі құдық болып табылады.

3. Қызмет көрсету талаптары
8. Төмендегі жағдайларда қызметтерді көрсетуді тоқтату жүргізіледі:
1) апаттық немесе азаматтар қауіпсіздігі мен өміріне қауіп төндіретін жағдайларда;
2) Жеткізушінің желілеріне өз бетімен қосылғанда;
3) келесі есеп беру мерзімінен кейінгі, екі ай ішінде қызметтер үшін төлемдер болмағанда;
4) ақаба сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен қамту және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін бақылау үшін Жеткізушінің өкілдерін бірнеше қайтара суды есепке алу құралына жібермегенде;
5) құбыр өткізгіштерді залалсыздандыруды жүргізу қажеттілігінде;
6). Нормативтік құқықтық актілер мен Тараптар келісімінде қарастырылған басқа да жағдайларда.
Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда қызметтерді көрсету шұғыл тоқтатылады. Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда, Тұтынушы қызмет көрсеткеді тоқтатқанға бір ай уақыт қалғанда ескертіледі.
9. Шарттың 9-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда туындаған бұзушылықтарды жойғанда және таратқанда Тұтынушыны қосу жүргізіледі. Шарттың 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда, қосу қарызды төленгеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет өшірілген жағдайда қосу қарызды төленгеннен және қосу үшін төлемді төленгеннен кейін жүргізіледі.
10. Жеткізуші жоспарлы-алдын ала жөндеуді, сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, жаңа Тұтынушыларды Тұтынушы қосылған сумен қамту және (немесе) су бұру желілеріне қосу жөніндегі жұмыстарды жүргізген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыны кемінде үш жұмыс күні бұрын қызметтерді уақытша тоқтата тұру туралы ескертеді.
11. Тұтынушының өндірістік ақаба суларын Өнім берушінің су бұру жүйелеріне қабылдау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 436 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 37153 болып тіркелген) бекітілген Елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ақаба суларды қабылдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
12. Тұтынушының ақаба суларындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануы Жеткізушінің аттестатталған зертханасы орындаған талдау нәтижелері бойынша артқан кезде Тұтынушы өндірістік сарқынды суларды су бұру жүйесіне ағызуды тоқтатады және зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануына қол жеткізгенге дейін ластануды төмендету жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды. Ластану құрамының артуына әкеп соққан себептерді жойғаннан кейін Тұтынушының өтінімі бойынша Жеткізуші сынамаларды қайта іріктеуді жүргізеді.

4.   Қызмет құны мен төлеу тәртібі
13. Осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге төлем уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі. Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.
14. Нақты ұсынылған қызмет саны үшін төлемді Тұтынушы есептеу мерзімінен кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде төлем құжаты негізінде ай сайын жүргізіледі. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды.

5. Қызметтерді тұтыну мен босатуды есептеу
15. Көрсетілген сумен қамту және су бұру қызметтерінің көлемі коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталады. Осы Шартпен қамтылмаған сумен қамту және су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін анықтау тәртібі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы № 441 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37164 болып тіркелген) сумен қамту және (немесе) су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін есептеу Әдістемесіне сәйкес анықталады.
16. Ақаба суларды тазарту (немесе) және шығару жүйесіне Тұтынушыдан шығарылған сулардың саны, төмендегілерге тең қабылданады:
1) ыстық сумен қамту жүйесі жабық болып, жергілікті су ысытулар пайдаланылғанда – босатылған суық су санына;
2) ыстық сумен қамту жүйесі ашық болып, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен қамту жүйелерінен түскен жағдайда – босатылған суық су санына ыстық сумен қамтудан босатылған ыстық су санын қосады.
17. Тұтынушы қайтарымсыз пайдаланған, шығарылатын өнімнің құрамына кірген, ағынды суларды бұру жүйесіне ағызылмайтын суаруға су бұру қызметтеріне төлемді есептеу кезінде есепке алынбайды.
Есептелмеген сулар көлемі технологиялық есептеулерге сәйкес анықталады.
18. Тұтынушыда есепке алу құралының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуі тиіс.
Жеткізуші Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 295 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36616 болып тіркелген), елді мекендердің сумен қамту және су бұру жүйелеріндегі суды есепке алу құралдарын таңдау, монтаждау және пайдалану Қағидаларына сәйкес есепке алу құралдарына рұқсатты жүзеге асырады.
19. Белгіленген тексеру мерзімі өткеннен кейін суды есепке алу құралын техникалық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Қызметті Жеткізуші тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Тұтынушыны есепке алу құралын кезекті мемлекеттік тексеруді жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттілігі туралы хабардар етеді.
20. Кезекті тексеруге, жөндеуге немесе Жеткізушіні хабардар ету кезінде ауыстыруға байланысты есепке алу құралдары уақытша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу құралының ақаулығы анықталған кезде сумен қамту қызметтерінің ұсынылған қызметтерінің көлемі құралдардың болмауы кезеңіне есепке алу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес алдыңғы үш айдағы орташа шығыны бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде анықталады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, есептеу құралдары болмаған кезде сумен қамту қызметтерінің көлемі осы Шарттың 5-тармағына сәйкес анықталады.
21. Есепке алу аспаптарының сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Жеткізуші есепке алу құралдарын арнайы бөлінген үй-жайларға орнатқан кезде олардың сақталуына Жеткізуші теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.
22. Есептеу құралдарын анықталмаған тұлғалармен бұзылуы немесе ұрлануы болған жағдайда, оларды сақтауға жауапты тұлға, егер Тараптардың келісімінде көрсетілмесе, оны бір ай мерзімде қалпына келтіруге тиісті. Есептеу құралдарын қалпына келтіруге дейін Тұтынушыны Жеткізуші сумен қамту желілеріне қосады.
23. Тұтынушының суды есепке алу сызбасын бұзу, басқару тораптарындарындағы және есепке алу құралдарындағы пломбаларды жұлу, есепке алу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғылар орнату фактілері анықталғанда Тұтынушыға суды пайдаланғаны үшін қайта есептеулер соңғы тексеру жүргізілгеннен бастап фактілер анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан көп емес мерзімге, тәулігіне 24 сағат бойына оның толық ағуын қолданумен басқару торабына дейін құбыр өткізгіштің толық босату қабілеті есебінен жүргізіледі.
24. Бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілген сумен қамту қызметтерінің көлемін есептеу Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы   № 441 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 37164 болып тіркелген) сумен қамту және (немесе) су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін есептеу Әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
25. **Тұтынушының құқы бар:**
1) оның денсаулығы үшін, тұтынушы мүлкіне кесірін тигізбейтін, Шарт талаптарына сәйкес көлемде белгіленген сапада қызметтер алуға;
2) шекті мөлшердегі жүктемемен, қажетті көлемде ақаба суларды төгуге;
3) Жеткізушіден қызметтерді есептеу құралын орнатуды талап етуге;
4) қолданыстағы заңнамалықтарға қарсы келетін, Жеткізушінің әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне уәкілетті органға және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;
5) көпшілік тыңдауларға қатысуға;
6) Жеткізушіден белгіленген тәртіпте қызметтерді дұрыс көрсетпеу салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген шығынды толық көлемде, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді талап етуге;
7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметі ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;
уақытылы төлем жүргізген жағдайда, өзіне қажетті көлемде қызметтерді пайдалануға;
8) егер Жеткізуші белгіленген тәртіпте есеп бермесе, пайдаланған қызмеке төлем жүргізбеуге;
9) Жеткізушімен қызмет көрсетуге шарт жасасуға;
10) көрсетілген қызметтерді толық төленген жағдайда, кемінде бір ай бұрын Жеткізушіге бұл туралы жазбаша түрде ескертілген жағдайда Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға;
26. **Тұтынушы міндетті:**
1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларындағы сумен қамту және су бұру желілері мен жабдықтарын пайдалану және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
2) есепке алу құралының болуы тиіс және көрсетілген қызметтерге Жеткізуші ұсынған төлем құжаттары негізінде оларды көрсеткіштеріне сәйкес уақтылы және толық көлемде төлеуге;
3) Жеткізушіге сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері мен құрылыстарының, өзіне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздегі тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан орталықтандырылған сумен қамту және (немесе) су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған есепке алу құралдарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері немесе имараттар зақымданған немесе ластаушы уытты заттар апаттық тасталған жағдайда төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметке, санитарлық – эпидемиологиялық қызмет және қоршаған ортаны қорғау органдарына кідіртпей хабарлауға;
4) Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 436 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 37153 болып тіркелген) елді-мекендердің су бұру жүйелеріне ақаба суларды қабылдау Қағидаларында қарастырылған жағдайларда ақаба суларды жергілікті тазартуды қамтамасыз етуге;
5) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсерді болдырмау мақсатында, белгіленген зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануынан асатын ластануы бар ағынды суларды ағызуға жол бермеуге;
6) ағынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ берешегі болған жағдайда тұтынушының желілерін ажырату үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен қамту және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін бақылау үшін есепке алу құралдарына Жеткізуші өкілдерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
7) қызметті пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі бойынша талаптарды сақтауға;
8) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларындағы есепке алу құралдарының, есепке алу құралындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбалардың, айналдыра ораған сызығындағы ысырмалар, өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз ету, көрсетілген үй-жайларды таза ұстау, сондай-ақ есепке алу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлердің тораптары мен құралдарына кіруіне кедергі келтіретін заттарды сақтауға жол бермеуге;
9) Өрт сөндіру гидранттары ақаулы немесе оның су құбыры желілерінде апат туындаған жағдайларда оларды пайдаланудың мүмкін еместігі туралы Жеткізушіні және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын кідіртпей хабарлауға;
10) есепке алу құралдарының барлық зақымданулары немесе ақаулықтары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылғандығы туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға;
11) сумен қамту және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз өзге Тұтынушыларды сумен қамтудың және (немесе) су бұрудың меншік желілеріне қоспауға;
12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға.
27. **Жеткізушінің құқығы бар:**
1) көрсетілген қызметтер үшін уақытылы және толық көлемде ақы алуға;
2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық Тұтынушылар үшін көрсетілген тарифтер үшін тарифтерді төмендетуге;
3) сумен қамту, ақаба суларды бұру жүйелерінің имараттарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және тексеруді, есепке алу құралдарын тексеруді ұйымдастыруға;
4) қызметтерді тұтыну мен төлеуді бақылауды жүзеге асыруға.
5) тиісті лицензиясы болған кезде көрсетілетін қызметті есепке алу аспаптарының жұмыс қабілеттілігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүргізуге құқылы.
28. **Жеткізуші міндетті:**
1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес, оған меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан елді мекеннің сумен қамту және су бұру жүйелерін тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге;
2) санитарлық ережелерге (гигиеналық нормативтерге) сәйкес ауыз суды дайындауды және оны Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге;
3) басқа Тұтынушылардың талаптарын орындамау себептері бойынша қызметтерді алуға Тұтынушыны шектемей жасалған Шартқа сәйкес Тұтынушыға уақтылы және үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;
4) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, оларды сатып алуға және орнатуға шарт жасасқан және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген төлем енгізілген кезде Тұтынушыларға қызметтерді есепке алу құралдарын сатып алуға және орнатуға;
5) басқа тұлғаларға қызмет көрсетумен байланысты кез келген функцияларды беруге жол бермеуге;
6) көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасы есебі мен бақылауды жүргізеді, көрсетілетін қызметтердегі бұзылушылықтарды шеттету мен алдын алу бойынша уақытылы шаралар қабылдауға;
7) көрсетілетін қызметке Тұтынушымен Шарт жасауға;
8) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша сумен қамту және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға;
9) келесі есеп беру мерзімінен кейінгі келесі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде көрсетілетін қызмет төлеміне төлем құжатын Тұтынушыға беруге;
10) тарифтердің өзгерісі қолданысқа енгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тарифтердің өзгергені туралы Тұтынушыға ескертуге;
11) 24 сағат ішінде Тұтынушының негізделген наразылығы бойынша көрсетілетін қызмет көлемі мен сапасын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауға;
12) сумен қамту және ақаба суларды шығару желілерін, есептеу құралдарын қарау кезінде, Тұтынушының есептеу құралынан көрсеткіштерді алу кезінде, сонымен қатар ақаба сулар сынамасын талдауға алу кезінде қызметтік куәліктерін көрсетуге;
13) профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде Тұтынушыға ауыз суды көлік құралдарымен жеткізуге.
14) Үшінші тұлғалардың рұқсат етілмеген кіруінен Тұтынушылардың дербес деректерінің құпиялығын қамтамасыз етуге.
15) Тұтынушының желілері мен құрылыстары жарамды және (немесе) Жеткізушінің техникалық шарттары орындалған жағдайда Тұтынушының объектілерін сумен қамту және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға рұқсат беруге;
16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде осы Шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша абоненттің шағымдары мен өтініштеріне жауап беруге;
17) Тұтынушының қатысуымен орталықтандырылған сумен қамту және су бұру жүйелеріне қосуға (қосылу) арналған есепке алу құралдарын, есепке алу тораптарын, құрылғылар мен құрылыстарды пайдалануға рұқсат беруді жүзеге асыруға;
18) Тұтынушының есепке алу құралдарын пломбалауды жүргізуге;
19) Тұтынушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен және жағдайларда сумен қамтуды және (немесе) су бұруды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы ескертуге;
20) нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде өзіне тиесілі орталықтандырылған сумен қамту және су бұру жүйелеріндегі апаттар мен зақымдануларды уақтылы жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;
21) қызмет көрсету жүзеге асырылатын сумен қамту және су бұру желілеріне жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізу кестелері мен мерзімдері туралы Тұтынушыларды хабардар етуге;
22) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсердің алдын алу мақсатында Тұтынушылардың өндірістік ағынды суларынан сынама алуды жүзеге асыру және зерттеу жүргізуге.

7. Тараптардың шектеулері
29. **Тұтынушыға тыйым салынады:**
1) есепке алу тораптарын қайта жабдықтауға, сондай-ақ Жеткізушімен келісімсіз есепке алу құралдарын орнатуды және (немесе) алуды жүргізуге;
2) Жеткізушімен келіскен және қабылдаған қолданыстағы суды есепке алу сызбаларын бұзуға.
30. **Қызмет көрсетушіге тыйым салынады:**
1) басқа Тұтынушылармен талаптар орындалмаған себептер бойынша көрсетілетін қызметтерден Тұтынушыға қызмет көрсетуден бас тартуға немесе шектеуге;
2) уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мөлшерден асатын, көрсетілген қызметтер үшін ақы алуға;
3) төлем құжаттарын тапсырмай Тұтынушыдан ай сайынғы қызметтер ақысын талап етуге;
31. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын басқа түрде бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

8. Тараптардың жауапкершілігі
32. Жабдықтар мен инженерлік желілерді дұрыс ұстауға жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және баланстық тиесілігін бөлу шекарасы бойынша анықталады.
33. Шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда кінәлі тарап заңнамаға сәйкес екінші тарапқа келтірілген шығынды төлейді.
34. Шартқа сәйкес (38-тармақта қарастырылған жағдайларды қоспағанда) Тұтынушы көрсетілген қызметтер үшін төлем мерзімін асырған кезде, негізгі қарыздан аспайтын, төлемеген күннің әрбір күніне, осы сомаларды төлеген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша тұрақсыздық төлемін төлейді.
Тұрақсыздық төлемінің мөлшерін белгілеу Тұтынушымен Шарт жасасқанда жүргізіледі. Тұрақсыздық төлемін есептеу мерзімінің басталуы, егер Тараптардың келісуімен басқасы ескертілмесе, есеп беру кезеңінен кейінгі айдың жиырма алтысы күні болып табылады.
35. Егер Жеткізушінің Тұтынушыға қызмет көрсетуі мүмкін болмағанда, ол Жеткізушімен шарттық қарым-қатынаста тұрған, басқа тұлғалар кінәсінен болған жағдайда, Жеткізуші Тұтынушы алдында жауапкершілік алады.
36. Тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
37. Тараптардың келісімі бойынша құжатпен расталған ауыр материалдық шығынға немесе уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соққан ауру немесе жазатайым оқиға кезінде Тұтынушыға, оның жазбаша өтінішімен өсімпұл есептеу жөніндегі мерзім ұзартылуы мүмкін.

9. Форс-мажорлық жағдайлар
38. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмес күш жағдайлары басталғанға дейін туындайтын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.
Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмес күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен берумен немесе пошта арқылы жіберумен бұл туралы бір-біріне хабарлайды.
Еңсерілмес күш жағдайлар болғанда, мұндай жағдайлар Шарт бойынша Тараптар міндеттерін орындауға кесірін тигізетіндей деңгейлер кезінде, осы мерзімге Шарт бойынша Тараптардың міндеттері тоқтатылуы мүмкін.
Еңсерілмес күш жағдайлар үш немесе одан көп айларға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы бұзылудың мүмкін мерзімінен жиырма күнтізбелік күн бұрын, екінші тарапқа бұл туралы алдын-ала ескерткен жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Тараптар бұл кезде Шарт бойынша барлық өзара есептесулерді отыз күнтізбелік күн ішінде жүргізуге міндеттеледі.

10. Жалпы ережелер және дауларды шешу
39. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндаумен шағымдануға құқылы.
40. Тараптар өздерінің құқық қатынастарында Шартты және қолданыстағы заңнамалықтарды басшылыққа алады.
41.Қызмет көрсету шарты Тұтынушыны белгіленген тәртіппен желілерге бірінші нақты қосқан кезден бастап күшіне енеді. Егер Тараптардың келісімімен басқасы қарастырылмаса, Шарттың қолданылу мерзімі мерзімсіз болып табылады. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт 200__ж «__»________ бастап 200__ж «__»________ дейін әрекет етеді, ҚР Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген кезден бастап күшіне енеді.
42. Шарт талаптарын бұзу немесе өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіптер мен негіздер бойынша жүргізіледі.
43. Тараптардың бірі шарт бойынша міндеттерді бұзған немесе орындамаған кезде екінші тарап келтірілген шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды көрсетумен Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.
44. Тараптар арасында келісімге қол жетпеген жағдайда даулар мен келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.
45. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады, тараптардың әрқайсына бір данадан.
46. Тараптардың келісімі бойынша шарт Типтік Шарттың нормаларына қайшы келмейтін басқа талаптармен толықтырылуы мүмкін.
47. Тараптар арасындағы шартпен келісілмеген қарым-қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.
48. Тұтынушы объектілерінің сумен қамту және (немесе) су бұру мәселелері бойынша жауапты тұлға болып табылады. ____ ____
(лауазымы, ТӘА, объектінің мекенжайы, телефоны).
49. Шартқа осы қосымшалар оның ажырамайтын бөлігі болып табылады:
1) № 1 қосымша – Сумен қамту және (немесе) су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар (Пограничная көшесі, 59, басқарма ғимараты, № 201 кабинет, тел. 53-16-52 мекенжайы бойынша Жеткізушінің ӨТБ береді).
2) № 2 қосымша – Сумен қамту және (немесе) су бұру желілерінің баланстық тиістілігін шектеу актісі (Пограничная көшесі, 59, басқарма ғимараты, № 201 кабинет, тел. 53-16-52 мекенжайы бойынша Жеткізушінің ӨТБ береді).
3) № 3 қосымша – судың қажет мөлшеріне және ақаба суларды қабылдауға Тұтынушының өтінімі (Тұтынушы толтырады);
4) № 4 қосымша – су пайдалану және су бұру көлемі (Тұтынушы өтініші мен су шаруашылық баланстық есебін әкелгеннен кейін Жеткізуші есептейді).
5) № 5 қосымша – Сушаруашылықтық баланстық есептеу (Жеткізуші немесе Тұтынушы жасайды).
6) № 6 қосымша – Өндірістік ақаба сулардың сапалық құрамына талаптар (Крылов көшесі, 90 тел 25-59-43, мекенжайы бойынша Жеткізушінің БСО береді).
7) № 7 қосымша – Тұтынушының сутұтыну объектілері туралы мәліметтер (қажет жағдайда Тұтынушы толтырады).

11. Тараптардың реквизиттері
Жеткізуші:
Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен Водоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, 070010, ҚР ШҚО, Өскемен қаласы, Пограничная к.,59, БСН 020940001509, ЖСК KZ1496504F0007342007, «ForteBank» АҚ, БСК IRTYKZKA, КБЕ 16, ҚҚС бойынша тір,   05.09.2012 жылғы сериясы 18001   № 0022677.

М.О.   **Аубакиров Е.М.**
/____________________/
(қолы)

Тұтынушы:
Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының №4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммунальдық мемлекеттік кәсіпорны Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Серікбаева, 1/4 БСН 140840015573 БИК IRTYKZKA ЖСК KZ5596504F0007607146 "ForteBank" АҚ Тел.: Құл: 87232741895, эл. Пошта gulnar.4gb@mail.ru Бас дәрігер Попов Сергей Александрович

М.О. _____________ /__________________/
(қолы)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												
	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ағын суларды кетіру бойынша қызмет көрсетулер	Ағын суларды жою (бұру) бойынша қызметтер		Бір қызмет	1	69 600.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Независимости д, 56 (1)	0	69 600.00
2026 қаржылық жыл												

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ағын суларды кетіру бойынша қызмет көрсетулер	Ағын суларды жою (бұру) бойынша қызметтер		Бір қызмет	1	7 076 000.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Серикбаев к,1/5 (1)	0	7 076 000.00
2026 қаржылық жыл												
	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ағын суларды кетіру бойынша қызмет көрсетулер	Ағын суларды жою (бұру) бойынша қызметтер		Бір қызмет	1	812 000.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Серикбаев к,1/4 (1)	0	812 000.00
2026 қаржылық жыл												

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ағын суларды кетіру бойынша қызмет көрсетулер	Ағын суларды жою (бұру) бойынша қызметтер		Бір қызмет	1	3 712 000.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Өтепов к,39А (1)	0	3 712 000.00
2026 қаржылық жыл												
	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ауыз су беру бойынша қызмет көрсетулер	Ауыз су беру қызметтері		Бір қызмет	1	2 668 000.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Шакарим к,149А (1)	0	2 668 000.00
2026 қаржылық жыл												

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының № 4 қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ауыз су беру бойынша қызмет көрсетулер	Ауыз су беру қызметтері		Бір қызмет	1	1 740 000.00	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	01.01.2026 жылдан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Өтепов к,39А (1)	0	1 740 000.00
2026 қаржылық жыл												
